

3

Қармақшыда жол жөндеу жұмыстары қарқынды



4

Еліміздегі ең алғашқы метеостанса





Сыр бойы

№18 (21093) 5 ақпан, бейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

- www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



УАҚЫТ ТЕЗІНЕН ӨТКЕН СЕРІКТЕСТІКТІң МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Пәкістанға мемлекеттік сапармен барды. Пәкістанның шекарасына енгеннен бастап Әскери әуе күштерінің ұшақтары Қазақстан Президенті мінген бортпен қапталдасып ұшты.

Мемлекет басшысын Исламабад әуежайында Президент Асиф Али Зардари мен Премьер-министр Шахбаз Шариф қарсы алды. Мәртебелі мейманның келуіне орай Құрмет карауылы сап түзіп, зеңбіректен 21 мәрте оқ атылды.

Сондай-ақ Қазақстан мен Пәкістанның туларын ұстаған балалар Қасым-Жомарт Тоқаевқа қошемет көрсетті. Жоғары деңгейде келіссөздер жүргізіліп, екі ел арасындағы саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайту перспективасы талқыланды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Премьер-министр

Шахбаз Шариф шағын құрамда келіссөз жүргізді. Келіссөздерден бұрын Пәкістан Премьер-министрінің резиденциясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевты ресми қарсы алу рәсімі өтті.

Мемлекет басшысын Премьер-министр Шахбаз Шариф күтіп алды. Қазақстан Президенті мен Пәкістан Премьер-министрі суретке түскен соң екі елдің мемлекеттік әнұрандары орындалды. Содан кейін Құрмет карауылының бастығы рапорт берді. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шахбаз Шариф бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды.

2-бет

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

КҮНДЕЛІКТІ ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕКТІң НӘТИЖЕСІ

Кеше ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасының іске асырылу барысы қаралды. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов селекторлық режим арқылы қатысты.

Бүгінде «Таза Қазақстан» ұлттық идеологияның ажырамас бөлігіне айналды. Бұл ең алдымен көшелерді, үйлерді таза, ұқыпты ұстаудан басталып, тәртіпке, жауапкершілікке баулиды. Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында: «Таза Қазақстан – әдемі ұран да, науқан да

емес, бұл – күнделікті қажырлы еңбектің нәтижесі» деп атап өтті.

Аймақта экологиялық бағдарлама аясында санитарлық тазалық, абаттандыру, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау бағытында кешенді жұмыс жүргізілуде.

2-бет

/// ТҰЖЫРЫМДАМА

БҮКІЛ ҚОҒАМНЫң ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Қазір елімізде 7 миллионға жуық бала бар, бұл – халықтың 34 пайызы. Жыл өткен сайын балалардың әл-ауқаты мен құқықтарын қорғауға бағытталған мемлекеттік бастамалар, әлеуметтік бағдарламалар жүзеге асырылып келеді. Соның бірі – «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы. Жоба аясында жыл сайын Ұлттық қордың инвестициялық табысынан түскен қаржының бір бөлігі 18 жасқа дейінгі барлық балалардың есепшотына түседі. Түскен қаражат оқу ақысын төлеуге және тұрғын үй жағдайын жақсартуға жұмсалды.

Бұдан бөлек «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры 120-ға жуық әлеуметтік жобаны жүзеге асырады. Елімізде орта білім беру тегін. Бастауыш сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен, 1-11 сынып оқушылары тегін оқулықпен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ балалар мен отбасыларды қолдауға бағытталған көмектің 49 түрін қамтитын әлеуметтік жүйе жұмыс істейді. Жалпыға бірдей білім беру қорының қаржысына балаларға көмек көрсетіледі. Кейінгі жылдары балалардың құқықтарын қорғауды күшейтуге негізделген 10 негізгі заң қабылданды.

Жақында Оқу-ағарту министрі Үкімет

отырысында Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленген 2026-2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» бірыңғай тұжырымдамасын таныстырды. Министрдің айтуынша, тұжырымдама бала құқықтары жөніндегі уәкілмен және бейінді министрліктермен бірлесіп дайындалған әрі балалардың құқықтарын қорғау саласында қабылданатын шаралардың дәйектілігі мен тиімділігін арттыруға бағытталған. Ол қауіпсіздік, білім беру, денсаулық сақтау, отбасы құқығы және әлеуметтік қорғау сынды салалардағы балалардың құқықтары қарастырылған төрт

4-бет

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫң V ОТЫРЫСЫ ҚЫЗЫЛОРДАДА ӨТҮІ — СЫР ӨңІРІ ЖҰРТШЫЛЫҒЫ ҮШІН ЗОР МӘРТЕБЕ

2026 жылғы 20 қаңтарда Қызылорда қаласында Ұлттық құрылтайдың V отырысы өтті. Ел тағдырына қатысты маңызды мәселелер талқыланған бұл алқалы жиынның дәл осы өңірде ұйымдастырылуы және бір ғасыр бұрын Қазақ елінің астанасы болған қасиетті Қызылорда жерінде өтуі Сыр өңірі жұртшылығы үшін зор мәртебе әрі тарихи маңызы айрықша оқиға болды.

Осындай тарихи және саяси мәні зор құрылтай отырысынан кейін Сыр елінің зиялы қауым өкілдері мен жастары Мемлекет басшысына алғысын білдіріп, арнайы хат жолдады.

«Аймақ халқы Өзіңіздің ұлттық бірлікті нығайтуға, азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған сындарлы саясатыңызды әрдайым қолдап келеді. Құрылтай барысында Қызылорда облысының соңғы жылдардағы әлеуметтік-экономикалық дамуына жоғары баға берудің Сыр жұртшылығына үлкен сенім мен жігер сыйлады. Бұл ынтымағы жарасқан өңір халқына көрсетілген

лайықты қолдау әрі еңбектің әділ бағасы деп қабылданды.

Қызылорда қаласынан Президенттік кітапхана ашу, жаңа драма театр мен 500 орындық емхана және 200 орындық перзентхана салу, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» дәлізінің Қызылорда – Ақтөбе арасын төрт жолақты етіп кеңейту, сондай-ақ биыл «Бейнеу – Сексеуіл» жолының құрылысын бастау және «Көкәрал» бөгеті жобасын жүзеге асыру арқылы кіші Аралдың су көлемін айтарлықтай көбейту бойынша берген тапсырманың өңір тұрғындарын ерекше қуантты. Сізге барша Сыр жұртшылығы атынан

шынайы алғысымызды, зор ризашылығымызды білдіреміз.

Біз Сіздің әділетті, қуатты, қауіпсіз әрі таза Қазақстанды орнықтыру бағытындағы барлық бастамаларыңызды қолдаймыз! Егемен еліміздің дамуы жолындағы ерен еңбегіңізге табыс, деніңізге саулық пен күш-жігер тілейміз!» делінген хатта.

Сыр халқының алғысын жеткізген хатқа қол қойғандар арасында Қазақстанның Еңбек Ерлері А.Ерәлиев, И.Шағиртаев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері, еңбек ардагерлері Ж.Шарипов, С.Имандосов, зиялы қауым өкілдері, Қызылорда облысының ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Дүйсенбаев, айтыскер ақындар М.Ниязов, М.Сұлтанхан, облыстық мәслихат төрағасы мен «AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы, Қазақстан халқы Ассамблеясы өкілдері және жастар бар.

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ЖАҢА ҚҰРЫЛЫС АЛАНДАРЫНДА ЖҰМЫС БАСТАЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылордада жаңадан салынатын нысандардың құрылыс алаңына барды.

Аймақта Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының тапсырмасымен денсаулық сақтау саласын дамытуға бағытталған кешенді шаралар нәтижелі жүзеге асуда. Бұл шаралардың басты мақсаты – халықтың медициналық қызметтерге қолжетімділігін арттыру.



Облыс орталығында, нақтырақ айтқанда Президент паркі аумағында 48,5 млрд теңгеге 200 орындық перинаталдық орталықпен сол жағалауда 14,78 млрд теңгеге 500 орындық емхананың құрылысы басталады. Болашақ перинаталдық орталық ана мен балаға мамандандырылған заманауи медициналық көмек көрсетеді. Орталықта қабылдау-қарау, стационарлық, диагностикалық, операциялық, реанимациялық және әкімшілік бөлімдер болады. Сондай-ақ,

жерасты өткелі арқылы байланысқан жеке зертхана ғимараты мен ас блогы қарастырылған.

Медициналық мекеме жүкті әйелдерге, босанушыларға және жаңа туған нәрестелерге арналған стационарлық бөлімдер, операциялық блок, реанимация, зертханалар және инженерлік-қызметтік инфрақұрылыммен толық қамтамасыз етіледі. Жобалық шешімдер санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мен заманауи медициналық стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады.



Ал 500 орындық емхана – тұрғындарға амбулаториялық-емханалық, диагностикалық және күндізгі стационарлық медициналық көмек көрсететін көпсалалы мекеме. Нысан сол жағалау аумағында бой көтереді. Мұнда жалпы және акушерлік-гинекологиялық тіркеу, педиатрия, мамандандырылған және шұғыл медициналық көмек, профилактика және мектеп медицинасы бөлімдері қарастырылған. Сондай-ақ 50 төсектік күндізгі стационар, дәрілік қамтамасыз ету, орталық стерилизация, кір жуу орны, медициналық қалдықтарды сақтау, оқу кабинеттері, 50 орындық аудитория, 200 орындық конференц-зал және инженерлік-техникалық инфрақұрылым бар.

Бұдан бөлек, Қызылорда қаласындағы Титов шағын ауданында 10 млрд теңгеге 400 орындық емхананың құрылысы басталады. Жаңа ғимаратта балалар мен ересектерге арналған емдеу-профилактикалық бөлімшелер, күндізгі стационар, функционалдық диагностика, стоматология, әйелдер консультациясы, бейінді мамандар кабинеттері, әкімшілік және клиникалық-диагностикалық зертхана орналасады.

2-бет



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қайіңсіз Қазақстан үшін!

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАУІПСІЗ АЙМАҚТАР ҚАТАРЫНДА

Облыстық полиция өткен жылы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қорғау бағытында нақты нәтижелерге қол жеткізді.

Аталған ведомство қылмыстық құқықбұзушылықтар 2 пайызға төмендегенін атап өтті. Қоғамдық орында (12,5 пайыз), көшеде (6 пайыз) жасалған қылмыстар саны да азайды, 10 мың тұрғынға шаққандағы құқықбұзушылық деңгейі республика көлемінде 57 болса, өңірімізде 32-ні көрсетті. Бұл – Қызылорда қауіпсіз аймақтар қатарында екеніне дәлел.

– Ауыр санаттағы қылмыстар, оның ішінде адам өлтіру, денсаулыққа ауыр зиян келтіруге жол бермеу бағытында

жүйелі жұмыс атқарылды, осы санаттағы қылмыстар толық ашылды. Ұрлық, оның ішінде пәтер ұрлығы және тонау азайып, мал ұрлығы 2024 жылғы көрсеткішпен бір деңгейде болды. Кейінгі 3 жылда ұрлық саны 63 пайызға төмендегенін байқаймыз. Бұл профилактикалық шараларды күшейтумен, бейнебақылау аясының кеңеюімен байланысты, – делі облыстық полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Серік Ерғешев.

3-бет

УАҚЫТ ТЕЗІНЕН ӨТКЕН СЕРІКТЕСТІКТІҢ МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢІ

Қарсы алу рәсімінен кейін Қазақстан Президенті Пәкістан Премьер-министрінің резиденциясы аумағында ағаш отырғызды. Бұдан соң екі ел басшылары келіссөз залына барды.

Тараптар соңғы жылдары Қазақстан мен Пәкістан арасында көпжоспарлы ынтымақтастық қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Сондай-ақ саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ықпалдастықты нығайтудың перспективті бағыттарын талқылады.

Кездесу барысында сауда, көлік-логистика, энергетика, ауыл шаруашылығы, цифрландыру, ғарыш және қаржы салаларындағы қарым-қатынасты тереңдету мәселесіне баса назар аударылды. Өңірлік және халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шахбаз Шарифтің келіссөздері екі ел делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғасты.

Президент Исламабадқа келіп, Пәкістанның бай тарихымен, мәдени мұрасымен және ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлерімен танысуды зор мәртебе санайтынын атап өтті.

— Қазақстан Президенті ретінде Пәкістанға бірінші рет мемлекеттік сапармен келіп отырмын. Бұл сапар тарихи мәнге ие және уақыт тезінен өткен серіктестігіміздің маңызды кезеңі саналады. Мен бұған сенімдімін. Халықтарымыздың Жібек жолы арқылы және кең таралған ислам өркениеті аясында ғасырлар бойы қалыптасқан достығын жоғары бағалаймын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы аталған сапар дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 34 жыл толуымен тұспа-тұс келгеніне тоқталып, мұның символдық мәніне назар аударды. Президенттің айтуынша, Пәкістан — Қазақстанның тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бері Оңтүстік Азиядағы маңызды әрі сенімді серіктесі.

Қасым-Жомарт Тоқаев кол бойлатын Стратегиялық серіктестік орнату туралы бірлескен декларация өзара ықпалдастыққа жол ашатын маңызды тарихи межені анықтайдытынын айтты.

Мемлекет басшысының пікірінше, Астана мен Исламабад екіжақты байланыстар мен ынтымақтастыққа тың серпін беретін мүмкіндікке ие.

Президент Пәкістанға үлкен делегациямен және сауда-экономикалық, инвестициялық ынтымақтастықты, сондай-ақ басқа да басым салалардағы ықпалдастықты арттыруға бағытталған нақты ұсыныстармен келгенін атап өтті.

Кездесуде көлік бағыттарын өзара ұштастыруға ерекше мән берілді. Бұл — Қазақстанның негізгі басымдықтарының бірі. Еліміз Шығыс пен Бағысты, Солтүстік пен Оңтүстікті жалғайтын тоғыз жолдың торабында орналасқан. Президенттің айтуынша, Қазақстан Орталық Азия елдерімен үйлесімді қарым-қатынас жасау арқылы көлік-логистика саласындағы нақты жобаларды жүзеге асыруды жалғастырады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Пәкістан Премьер-министрі Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақырды. Сондай-ақ бүгінгі уағдаластықтардың жүзеге асырылуын пысықтау және екіжақты қарым-қатынасты нығайтудың алдағы қадамдарын айқындау үшін мәртебелі мейамды биыл қарсы алуға дайын екенін жеткізді.

Кездесуде атап өтілгендей, Қазақстан мен Пәкістанның көпжақты алаңдарда, соның ішінде БҰҰ, ШЫҰ және басқа да ұйымдар аясында тығыз ықпалдастықты жалғастыруы маңызды.

Шахбаз Шариф Қазақстан Президентін Исламабадта ыстық ықыласпен қарсы алды.

— Елімізге арнайы уақыт тауып келгеніңіз үшін Сізге алғыс айтамыз. Пәкістан халқымен, Үкіметімен бірге Сізді қарсы алғаныма қуаныштымын. Қазақстан — біздің стратегиялық серіктесіміз. Достығымызды нығайтып, экономиканың түрлі бағыттарында, саясат, қорғаныс салаларында сенімді серіктестік орнату, сондай-ақ сауда дәліздерін қалыптастыру мақсатында Қазақстан Үкіметімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істегіміз келеді. Бұған күмәніңіз болмасын, — деді Премьер-министр.

Шахбаз Шарифтің айтуынша, Пәкістан мен Қазақстанның сауда-экономикалық ынтымақтастықты, соның ішінде энергетика, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік, цифрландыру салаларындағы серіктестікті дамытуда әлеуеті жеткілікті. Премьер-министр екіжақты қарым-қатынастың барлық бағыты бойынша нақты әрі елеулі прогресс қажет екеніне назар аударды.

Келіссөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шахбаз Шариф екі ел халықтарының игілігі үшін сан қырлы ынтымақтастықты одан әрі тереңдету мүдделі екенін растады.

Мемлекет басшысы Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шарифпен жүргізген келіссөздерінің қорытындысы бойынша БАҚ өкілдерінің алдында сөз сөйледі.

1-бет

КҮНДЕЛІКТІ ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕКТІҢ НӘТИЖЕСІ

Бюджет қаражатынан бөлек, кәсіпкерлер демеушілігімен орталық алаңдар, демалыс орындары, ойын, спорт алаңдары қайта жаңғыртылып, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар жөндеуден өткізілуде.

Демеушілер және бюджет қаражаты есебінен Қызылорда қаласындағы орталық алаң, қалалық мәдени-демалыс паркі, Қорқыт ата мемориалды алейасы мен Президент саябағы қайта жаңғыртылды. Оларға заманауи спорт, ойын алаңдары, модульдік-санитарлық пункттер, арнайы эко-бокстар орнатылды.

Қазіргі таңда Президент саябағы аумағында жылдың төрт мезгілінде жұмыс істейтін 300 орындық балалар тынығу лагері мен ботаникалық білім беру орталығы, Сырдария өзені үстінен Президент саябағын қаламен байланыстыратын жаяу жүргіншілер көпірі салынууда.

Бұл жұмыстар аудандарда да жүйелі жолға қойылған, жаңа демалыс орындарын, аллеяларды, көшелерді абаттандыру, жарықтандыру жұмыстары қарқын алған.

Өңірде біркелкі дизайн-код бекітіліп, облыс орталығынан бастап елді мекендердегі мекеме ғимараттары, аулалар, ойын алаңдары, аялдамалар, жарық бағаналары архитектуралық талаптарға сәйкестендірілді.

Ауылдарда қолайлы орта қалыптастыру, тұрғындарды тазалық шараларына ынталандыру мақсатында жыл сайын «Үлгілі елді мекен» конкурсы өткізіледі. Бұл маңызды жобаға соңғы үш жылда 2 млрд 64 млн теңге бөлініп, үздік атанған елді мекендерге 67 арнайы техника табысталды.

1-бет

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЖАУАПТЫЛАРҒА ТАПСЫРМА ЖҮКТЕЛДІ



Суретері түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ

ЖОЛ ЖӨНДЕУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Gezhouba Shiely Cement Company LLP бас директоры У Чжэньхуамен кездесті. Онда «Самара-Шымкент-Еңбекші» аудандық маңызы бар автомобиль жолының жағдайы және оны жөндеу мәселесі талқыланды.

Бұл жолдың ұзындығы 6 шақырым, өткен жылғы 1 тамызда 4,3 шақырымын серіктестікке тегін пайдалануға беру туралы келісімшарт жасалған.

Қазіргі таңда аталған учаскеге күрделі жөндеу жүргізу үшін жоба-сметалық құжаттама әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынған. Жөндеу жұмыстарын бастау осы жылға жоспарланған. Сонымен қатар, «Шиелі-Тайқоныр» автокөлік жолына Kazatomprom ұлттық атом компаниясының еншілес мекемесі KAP Logistics серіктестігінің қолдауымен жөндеу жүргізілуде.

Күрделі жөндеуге 2 млрд 555 млн теңге бөлінген. Мердігер мекеме PK Story Group серіктестігі қолға алған жолдың ұзындығы 13 шақырым, ені 7 метр. Жол жамылғысы толық жаңартылып, белгілер мен инфрақұрылым қауіпсіздік талаптарына сай орнатылуда.

Айта кетейік, 2022-2025 жылдары өңірде 1600 шақырым автомобиль жолы мен 30 көпір өткелі салынып және күрделі жөндеуден өткізілді. Бұл мақсатқа 150 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді.

Қызылорда қаласында 2020 көше қайта жаңғыртылды. Өткен жылы жол инфрақұрылымын дамытуға бюджеттен 50 млрд 605 млн теңге қаралып, 329 шақырым автомобиль жолдары, көшелер мен көпір өткелдері жөндеуден өтті. Нәтижесінде аймақтағы жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетті.

ЖАҢА ҚҰРЫЛЫС АЛАҢДАРЫНДА ЖҰМЫС БАСТАЛАДЫ



Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Қызылорда қаласында жана драма театр және тәулік бойы жұмыс істейтін кітапхана салу туралы айтқан болатын.

«Қызылордада жана драма театр салу жоспарымызда бар, биыл құрылысты бастауымыз керек. Өткен сапарымда облыстың зиялы қауым өкілдерімен кездескен кезде заманауи кітапхана салу керек деп айттым. Енді бұл құрылыс биылдан бастап жүргізіледі» деді Қасым-Жомарт Кемелұлы өз сөзінде.

Заманауи, көпфункционалды кітапхана салуға инвестор есебінен 20 млрд теңге қаралған. Бұл еліміздегі кітапхана инфрақұрылымын дамытуға, оқырмандарға қолжетімділікті арттыруға және өңірлерде ақпараттық мәдениет деңгейін көтеруге бағытталған.

Жоба бойынша ғимараттың аумағы 13 000 шаршы метр, 1 миллионнан астам кітап қорын сақтауға арналған. Жыл сайын 250-300 мың оқырманға қызмет көрсетеді. Каталогтар, заманауи ашық форматтағы оқу залдары, 50 адамның цифрлық ресурстармен жұмыс істеуіне қолайлы электронды бөлме қарастырылады. Инновациялық бағыттағы медиа-лаб бөлмесі мен подкаст студиясы болады. Бұл бастама — халықтың білімге, мәдениетке және заманауи ақпарат көздеріне қолжетімділігін арттыратын маңызды қадам.

Ал драма театрдың жаңа ғимаратының салынуы — қазақ театр өнерінің қарашанырағы саналатын аймақтағы тұрақты көрермендер үшін зор қуаныш, үлкен сый. Н.Бекежанов атындағы облыстық драма театр былтыр бір жылдың ішінде төрт бірдей халықаралық фестивальда топ жарды. Материалдық базасы барынша нығайып, мамандардың кәсібі тұрғыда жетілуіне жағдай жасалды, баспанамен қамтамасыз етілді.

Жана ғимарат артистердің лайындығына, түрлі сахналық көріністер мен ауқымды декорациялар құруға мүмкіндік береді, кен тынысты дыбыс жүйесі мен соңғы үлгідегі жабдықтар қойылым сапасын арттыра түседі.

1-бет



КИНОРЕЖИССЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кинорежиссер, суретші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Тарпан» сыйлығының иегері Рүстем Әбдірашовпен кездесті.

Кездесуде режиссер отандық кино өндірісінің бүгінгі жай-күйі, күрескер тұлғалар туралы тарихи фильмдер түсіруге қатысты жоспарын бөлісті. Қазақстандық киноиндустриядағы ең табысты картиналар, Мемлекет басшысының тапсырмасымен қолға алынған «Кинематография туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізудің бүгінгі бағыты туралы әңгіме қозғалды.

Рүстем Әбдірашев суретші ретінде еңбек еткен «Отырардың күйреуі», «Көзімнің қарасы» фильмдері Мемлекеттік сыйлыққа ие болған. 2004

жылдан бері кинорежиссердің «Қаладан келген қыз» фильмі ТМД және Балтық елдеріндегі, «Шәкен жұлдыздары» кинофестивальдарының бас жүлдесін, «Золотой витязь» фестивалінде «Ең үздік режиссура» номинациясымен марапатталған. «Сталинге сыйлық» туындысы Францияда өткен XV халықаралық Азия фильмдерінің «Синемас Азия» фестивалінде Гран-приді жеңіп алды.

«Құрақ көрпе», «Қазақ хандығы. Алтын тақ», «Алмас қылыш» фильмдері көрермен мен сыншылардың жоғары бағасына ие болған.

ИНВЕСТЖОБАЛАР ӨҢІР ДАМУЫНА СЕРПІН БЕРДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары Әлібек Қуантыровпен кездесті. Кездесуде аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.



— Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, өңірімізде қолайлы инвестициялық климат қалыптастып, ірі инвестициялық жобалар жүзеге асуда.

Бұл ретте, Сыртқы істер министрлігінің Инвестиция комитеті және «Қазақ инвест» ұлттық компаниясы тарапынан шетелдік инвесторларды тартуға, инвестициялық келісімшарт жасауға белсенді қолдау көрсетілгенін ерекше атап өтемін.

Осындай қолдаудың арқасында бүгінде тұркиялық «Акса энерджи», германиялық «Медаль групп», отңтүстік корейлық «Унз ю», испандық «Рока групп», швейцариялық «Харвест агро» сияқты ірі инвесторлар өңірде өз жобаларын жүзеге асыруда.

Сонымен қатар, суару жабдықтары мен механикалық суару жүйелерін өндіретін америкалық «Рейнке» компаниясымен келіссөз жүргізіліп, жақын арада кездесу жоспарланған.

Өткен жылы 9 инвестор инвестициялық келісімшартқа және 1 инвестор инвестициялық келісімге қол қойды, — деді Н.Нәлібаев.

Быылтыр өңірге 631,4 млрд теңге инвестиция тарту межесі бекітілген. Индустриялық және инфрақұрылымдық жобалардың есебінен 774,5 млрд теңге инвестиция тартылып, индикатор 143,1 млрд теңгеге артық орындалды. Тікелей шетелдік инвестиция тарту көрсеткіші бойынша 280 млн АҚШ доллары межесі бекітілген. 2025 жылдың 9 айында 205,7 млн АҚШ доллары тартылып, өсім 19,1 пайызды құрады.

Экономиканы әртараптандыру мақсатында 2026-2029 жылдары аймақта құны 1 трлн 900 млрд теңгеге жуық 48 инвестициялық жоба іске асырылып, 10,3 мың жана жұмыс орны ашылады. Биыл 100 млрд теңгегің 21 жобасы жоспарланған.

Өз кезегінде Әлібек Қуантыров өзара ынтымақтастықты жалғастырудың және өңірдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін бірлесіп жұмыс жасаудың маңызын атап өтті.

ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары Әлібек Қуантыров, облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев, «KAZAKH INVEST» ҰҚА АҚ сервистік қолдау департаменті директорының орынбасары — мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен өзара іс-қимыл жөніндегі өкілі Марат Есенов Қызылорда қаласындағы құрылысына ауқымды инвестиция салынған нысандарды аралап шықты.

Алдымен қонақтарда жана жылу-электр орталығы таныстырылды. Президент қолдауымен Aksa energy түрік инвесторы Қызылорда қаласында 215 млрд теңгеге қуаттылығы 240 мегаваттық жана

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

/// БРИФИНГ

ҚАРМАҚШЫДА ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ

Қармақшы ауданының әлеуметтік-экономикалық әлеуеті жыл сайын артып келеді. Оның бір дәлелі – аудан бюджетінің ұлғаюы. Айталық, жобалардың іске асуының арқасында қазына 9,8 млрд теңгеге артып, жыл қорытындысымен 22 млрд теңгені құраған. Сондай-ақ өткен жылғы макроэкономикалық көрсеткіштердің барлығы 100 пайыздан жоғары қалыптасып отыр. Осы жөне өзге де ауқымды жұмыстарды аудан әкімі Жандос Еркінбек өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтты.

Қармақшылық дикандар 25 мың 513 гектар жерге егін егіп, былтырғы су тапшылығын да еңсерді. 13 мың гектарға жуық жерге күріш егіп, күзгі науқанда 71 мың тоннадан аса Сыр салысын қамбаға құйды. Сондай-ақ 950 отбасы 415 гектар жерге басқа еккен.

– Өткен жылдың қорытындысымен Қармақшы ауданы мал шаруашылығы бағытында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, «Мал шаруашылығы саласы бойынша озат аудан» номинациясымен марапатталды. Бұған қоса «Жаңажол» ЖШС облыстағы «Озат егін шаруашылығы» номинациясын иеленіп, 17 мың тонна күріш өнімін тапсырды. Ал «Үлгілі елді мекен» облыстық конкурсында «Үлгілі ауыл» номинациясымен Ақжар ауылы III орынға ие болып арнайы техника алса, Қуандария елді мекенін абаттандыруға 15 млн теңгенің сертификаты табысталды, – дейді аудан әкімі.

Бүгінде Қармақшы ауданында 3211 кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Өткен жылы мемлекеттік қолдау бағдарламаларымен 60 жобаға 1 млрд теңгеге жуық несие берілген. Сонымен қатар, аудандағы жаңа бизнес-идеяларды дамыту, өз кәсіптерін бастау үшін әлеуметтік осал топтарға жататын 118 азамат 185,6 млн теңге қайтарымсыз грант алды.



2024-2025 жылдары «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасымен Дүр Онғар, III Интернационал және Ақай ауылдарында спорт кешендері іске қосылғаны белгілі. Жалпы аудан халқын қажетті инфрақұрылым, әлеуметтік ғимараттармен қамтуға іске асқан жоба көп.

– Бүгінде аудан халқының 75,2 пайызы табиғи газ игілігін көруде. Былтыр 7 млрд 172 млн теңгеге Дүр Онғар ауылына «көгілдір отын» тартылды. Бұл жоба әрі қарай басқа елді мекендерді газдандыру үшін жалғасады. Иіркөл мен Төребай би ауылына газ желілерінің құрылысын бастауға бюджеттен 250 млн теңге бөлінді. Жұмыс алдағы уақытта басталады. Сондай-ақ 931 шақырым электр желісі және 146 трансформатордың тозу деңгейі – 80 пайыз. Өткен жылы Дүр Онғар мен Иіркөл елді мекенінде құрылыс жүріп, электр желілері толық жанарлы. Осы жұмыстар жалғасады. Аудандық бюджеттен Қуандария, Ақжар, III Интернационал, Алданбай ахун, Қар-

мақшы ауылдарының электр желілерін қайта жаңғыртудың жоба-сметалық құжаттары әзірленген. Ал ауызсуды айтар болсақ, барлық ауыл орталықтандырылған ауызсу жүйесіне қосылған, – дейді Жандос Еркінбекулы.

Қармақшыдағы жол жөндеу, көше жарығы, жаяу жүргіншілер жолын салу жұмыстары қарқынды. Қазір аудан орталығы мен ауылдарды байланыстыратын жолдардың жай-күйі толық жақсарған десек те болады. Былтыр автомобиль жолдарын жөндеу және күтіп ұстау жұмыстарына үш деңгейлі бюджеттен 1 млрд 570,5 млн теңге бөлініп, 23 шақырым жол жөнделген.

– Өткен жылы халықтың әлеуметтік осал топтарына және тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 30 тұрғын үй сатып алу үшін бюджеттен 990,2 млн теңге қаржы қаралып, жұмыс толығымен аяқталды. Байқоңыр қаласында 50 пәтерлік 5 тұрғын үй құрылысына 5,3 млрд теңге бөлініп, баспана пайдалануға берілді. Тағы бір маңызды құрылыс, Жосалы және Төретам кентіндегі теміржол вокзалдарын күрделі жөндеуге қоматқы қаржы қаралған болатын. Осы құрылыспен бірге қазір қос вокзалдың аумағы толық абаттандырылуда, – дейді Қармақшы ауданының әкімі.

«Жұз жыраудың мекені» атанған Қармақшыда 34 мекеме халыққа мәдени қызмет көрсетеді. Былтыр тұрғындарға арналған мәдени-рухани шаралар өткен. Айталық, Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына орай өткен өнер байқауында Қармақшы ауданы I орынды иеленді. Сондай-ақ Алматы қаласындағы халықаралық «Бозторғай» балалар шығармашылығы байқауында Жыраулар үйінің шәкірті Талант Бағтайбай «Жыр-терме» жанры бойынша бақ сынап, гран-при ұтқан.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАУІПСІЗ АЙМАҚТАР ҚАТАРЫНДА

Тәртіп сақшылары алаяқтықтың жаңа тәсілдері мен оған қарсы жаңа заң нормаларын халыққа кеңінен түсіндіргенімен, арам ниеттілердің торына түскендер азаймай тұр. Өңірде, әсіресе, интернет алақтық саны өскен. Қылмыстың ашу көрсеткіші жөнінен Қызылорда республика бойынша алдыңғы орыннан көрінді. Алаяқтық белгілері бар 7 мыңға жуық сайт пен сілтеме анықталып, бұғаттау үшін олар «Кибербақылау» жүйесіне енгізілді.

– Отбасындағы қылмыстың басым бөлігі мас күйінде жасалатынын талдау нәтижесі көрсетті. Осыған байланысты «мүлдем төзбеушілік» қағидаты аясында жұмысты күшейтті. Маскүнемдерді еріксіз емдеу мекемесіне жатқызу, қорғау нұсқамалары мен мінез-құлқына ерекше талап белгілеу бағытындағы іс-шаралар жанданып, мас күйінде жасалған қылмыстар саны азайды. Әлеуметтік топ өкілдері арасында профилактикалық жұмыс қарқын алды. Медициналық ұйымдармен, әлеуметтік қызмет орындарымен өзара байланыс нығайды. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзышылықтың алдын алу да басты назарда. Былтыр біз олардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында білім беру ұйымдарында 10 мыңнан астам кездесу өткіздік. Күнделікті «Түнгі қала», «Квадрат» рейдтері жүргізілуде, – деді С.Ергешов.



Кешенді профилактикалық іс-шаралардың күшейгеніне қарамастан өткен жылы жол-көлік оқиғаларының саны 47,9 пайызға (978-ден 1446-ға) өсті. Одан 109 адам қаза тауып, көрсеткіш 5,8%-ға, жаракат алғандар саны 54,9%-ға (1247-ден 1932-ге) артты. Талдау нәтижесі көбіне жүргізушілердің жол ережелерін сақтамауы жол-көлік оқиғаларына әкелетінін көрсетті. Атап айтқанда, жолда жүру ережесін бұзудың 305 мыңға жуық дерегі анықталса, оның 176 мыңнан астамы — жол апатына тікелей әсер ететін өрескел құқықбұзушылықтар. Осыған байланысты қауіп-қатер жоғары учаскелерге, адамдар

шоғыры көп жаяу жүру өткелдеріне кезекшілік қойылды.

Өңірде жол қозғалысы ережелерін бұзуды автоматты түрде анықтайтын стационарлық жүйе желісі кеңейді. Жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қосымша 10 Sunqar құрылғысы іске қосылды. Одан бөлек, бейнебақылау қондырғыларының саны көбейді. Қазіргі таңда облыс орталығы мен барлық аудандық полиция бөлінісіндегі жедел басқару орталықтары 888 бейнебақылау камерасымен қамтылған. Штаттық режімде жұмыс істеп тұр. «Қауіпсіз қала» жобасы аясында облыс орталығына 1400 бейнебақылау камерасы, 20 зияткерлік қиылыс, 58 стационарлық жылдамдық өлшегіш орнатылды. Қазіргі күні оларды іске қосу бағытында жұмыс атқарылып жатыр.

Халықпен кері байланыс орнату мақсатында департаменттің барлық деңгейдегі басшылары азаматтарды күнделікті қабылдайды.

– Қабылдауға келген азаматтардың бірде-бір мәселесі назардан тыс қалмайды. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қорғау бағытындағы жүйелі жұмыс жалғасады. Заңдылық пен тәртіпті сақтау басты міндет болып қала береді, – деді департамент бастығы.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ БАСЫМДЫҚТАРЫН АЙҚЫНДАҒАН

Қазақстан Халық партиясы Қызылорда облыстық филиалында партия активінің қатысуымен Қазақстан Республикасы Конституциясының жаңа жобасын жан-жақты түсіндіруге арналған кездесу өтті.

Кездесуде филиал төрағасының орынбасары Арайлым Байжігітова негізгі заң жобасына енгізіліп отырған өзгерістер мен толықтырулар ел дамуына, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауға ықпал ететінін жеткізді.

–Бүлқұжатмемлекеттіңстратегиялық даму бағытын, саяси жүйенің сипатын және қоғамдық дамудың басымдықтарын айқындайтын маңызды негіз болмақ. Қазақстан Халық партиясы Конституциялық комиссия ұсынған жаңа Конституция жобасын толық қолдайды. Біз бұл құжатты Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың саяси реформалар бағдарламасын іске асырудағы және Әділетті Қазақстанды құру жолындағы заңды әрі күтілген кезең ретінде бағалаймыз, – деді ол.

Жиында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушылары Талғат Телеубаев, Жадыра Шүкенова, «Болашақ» университеті құқықтану және қоғамдық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі Айгүл Әбдікерова жана Конституция жобасы халық талқысынан туғанын атап өтті.

Басқосуда партияның конституциялық реформаларға қатысты ұстанымдары, саяси жаңғыру жолындағы бастамалары мен алдағы кезеңге арналған жоспары таныстырылды. Кездесу барысында партия активі ұсыныстары мен пікірлерін ортаға салып, өзекті мәселелер бойынша сұрақтарға жауап берді.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

УӘДЕ МЕН НАҚТЫ ІС

«Аманат» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне арналған брифингте «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасының жүйелі жүзеге асырылғанын айтты.

Жол картасына енгізілген 110 іс-шараның 101-і толық орындалған, қалғаны орындалу сатысында.

Сайлауалды бағдарлама аясында әлеуметтік маңызы бар бірқатар ірі жоба іске асырылған. Атап айтқанда, 10 елді мекен газдандырылып, облысты газбен қамту деңгейі 83 пайызға жеткен. Спорт саласында 6 денешынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға беріліп, халықты спорттық инфрақұрылыммен қамту көрсеткіші артқан.

«Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 4200 орындық 5 «Келешек мектебі», тағы 3 мектеп іске қосылып, 6 білім ордасына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Сапалы ауызсумен қамту бойынша жүргізілген жұмыстар нәтижесінде 2025 жылы облыс халқы орталықтандырылған ауызсумен 100 пайыз қамтылған.

Сонымен қатар денсаулық сақтау, мәдениет, тұрғын үй құрылысы, жол және жылу желілерін жаңғырту салаларында да ауқымды жұмыс атқарылған. Өткен жылы азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспары артығымен орындалған.

Өңірде 1 аудан, 56 ауылда әкім сайлауы өтіп, барлығында «Аманат» партиясынан ұсынылған үміткерлер жеңіске жеткен. Партиялық бақылау комиссияларының

аймақтық және аумақтық деңгейде 94 отырысы өтіп, 566 ұсыныстың 400-і орындалған. Жол картасында көрсетілген 84 нысанға партиялық бақылау бекеттері орнатылып, бүгінгі күні 80-і пайдалануға берілген. Барлық деңгейдегі мәслихатта фракциялардың жұмысы жоғалма қойылған.

Нақты практикалық шешімдерді әзірлейтін диалог алаңдарына айналған партия жанындағы кеңестерде қаралған 124 мәселе бойынша 435 ұсыныс тиісті органдарға жолданды.

Қоғамдық қабылдау бөлмелеріне 8212 арыз-өтініш түсіп, олардың 60,5%-ы оң шешілген, заңнамалық түсіндірмелер мен құқықтық кеңестер берілген.

«Ауыл аманаты», «Жер аманаты», «Қарызсыз қоғам» жобалары бойынша атқарылған жұмыстар да нәтижелі.

Белсенді жастардың облыстық және республикалық маңызды жобалары сәтті жүзеге асырылып келеді. «Жастар рухы» жастар қанатының облыстық филиалы республика бойынша үздік деп танылған.

Қорытындылай келе, Жандос Базартай партия филиалы алдағы кезеңде де халықпен тығыз байланыста жұмыс істеп, сайлауалды уәделердің толық орындалуын қамтамасыз етуге күш салатынын атап өтті.

ЖОБА

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

«Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Қазақстан Республикасы Кодексінің 69-бабының 4-тармағына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағы 8) тармақшасына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулымның қосымшасына сәйкес экспликация бойынша жер учаскелерін алып қоймай «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісінің желілік бөлігін және инфрақұрылымын орналастыру (құрылысы) үшін 2031 жылдың 22 қаңтарына дейінгі мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. «Beineu-Bozoi-Shymkent 2 Ltd.» жеке компаниясы «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісінің желілік бөлігін және инфрақұрылымын ор-

наластыру (құрылысы) кезінде Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын сақтасын.

3. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қызылорда қаласы, Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиели және Жаңақорған аудандарының әкімдіктері заңнамада белгіленген тәртіппен осы қауылдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулымның орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Д.Жаханова жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Н. Нәлібаев**

Қызылорда облысы әкімдігінің № _____ қаулысына қосымша

2026 жылғы « ____ » _____

Қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің экспликациясы											
№	Нысаналы мақсаты	Жер санаты	Қауымдық сервитут белгіленетін көлем (гектар)	Оның ішінде:							
				жайылым-дығы	суармалы егістік	басқа алқаптар					
1	2	3	4	5	6	7					
Қызылорда қаласы											
1	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісінің желілік бөлігін және инфрақұрылымын орналастыру (құрылысы) үшін	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	3,4954	2,2371	-	1,2583					
		босалқы жер	82,1038	52,5464	-	29,5574					
		Барлығы:	-	85,5992	54,7835	-	30,8157				
Арал ауданы											
2	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісінің желілік бөлігін және инфрақұрылымын орналастыру (құрылысы) үшін	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	84,2753	46,0986	-	38,1767					
		өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	64,0467	-	-	64,0467					
		Барлығы:	-	1021,5150	558,7687	-	462,7463				
Қазалы ауданы											
3	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісінің желілік бөлігін және инфрақұрылымын орналастыру (құрылысы) үшін	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	27,5885	19,2844	-	8,3041					
		өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	0,0757	-	-	0,0757					
		Барлығы:	-	304,4226	212,7914	-	91,6312				
Қармақшы ауданы											
4	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісінің желілік бөлігін және инфрақұрылымын орналастыру (құрылысы) үшін	өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	0,0150	-	-	0,0150					
		босалқы жер	339,7143	262,5992	-	77,1151					
		Барлығы:	-	339,7293	262,5992	-	77,1301				
Жалағаш ауданы											
1	2	3	4	5	6	7					
5	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісінің желілік бөлігін және инфрақұрылымын орналастыру (құрылысы) үшін	босалқы жер	133,3942	107,7825	-	25,6117					
		Барлығы:	-	133,3942	107,7825	-	25,6117				
		Сырдария ауданы									
6	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісінің желілік бөлігін және инфрақұрылымын орналастыру (құрылысы) үшін	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	5,6375	4,3803	-	1,2572					
		өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	0,5658	-	-	0,5658					
		Барлығы:	-	289,3242	224,8049	-	64,5193				
Шиели ауданы											
7	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісінің желілік бөлігін және инфрақұрылымын орналастыру (құрылысы) үшін	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	123,1002	93,9253	-	29,1749					
		өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	0,0566	-	-	0,0566					
		Барлығы:	-	0,2216	-	-	0,2216				
Жаңақорған ауданы											
8	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісінің желілік бөлігін және инфрақұрылымын орналастыру (құрылысы) үшін	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер	210,0672	124,6304	4,0667	81,3701					
		өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер	0,3058	-	-	0,3058					
		Барлығы:	-	220,7894	133,5776	-	87,2118				
Жинағы:							-	431,1624	258,208	4,0667	168,8877
Жинағы:							-	3095,1942	1984,1846	4,0667	1106,9429

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарға жарнама орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.





Анақ көрсеткен негізінде дайындалған Г. Оспанова

БҮКІЛ ҚОҒАМНЫҢ ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

– «Қауіпсіздік» бағыты бойынша қазіргі жағдайды ескере отырып, жұмыс жандандырылады. Ең алдымен, «Адал азамат» бағдарламасы аясында «Заң және тәртіп» принципін кеңейту көзделіп отыр. Бұл әрбір баланың өмірі, оқуы және дамуы үшін қауіпсіз ортаны қамтамасыз етеді. «Таза Қазақстан» акциясы балаларды тәрбиелеудің идеологиялық платформасы ретінде негізге алынады. Бүгінгі күні елімізде 20 психологиялық қолдау орталығы жұмыс істейді, барлық мектепте қауіпсіздік сабақтары мен «111» байланыс орталықтары енгізілген, – деді министр Жұлдыз Сүлейменова.

Балаларға жан-жақты қамқорлық жасау мемлекеттің басты басымдықтарының бірі саналады. Осы ретте тұжырымдаманы бекіту барысында Премьер-министр Олжас Бектенов Оқу-ағарту министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен, әкімдіктермен бірлесіп, тұжырымдамадағы барлық іс-шаралардың сапалы әрі уақытылы орындалуын тапсырды. Бұған қоса бала құқықтары жөніндегі уәкілмен тиімді өзара іс-қимылды жолға қою керек. Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп, «Қазақстан балалары» тұжырымдамасын іске асыру бойынша ақпараттық науқанды ұйымдастырып, жоспарланған іс-шаралар мен олардың орындалуы туралы халықты ашық әрі түсінікті жолмен хабардар ету қажет.

Облыста осы бағытта жүзеге асырылатын іс-шараларға жергілікті бюджеттен қаржы бөлу жоспарланған. Бүгінде жоспардағы жұмыстар басталды. Балалардың

құқықтарын қорғау саласында отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі мамандандырылған бөлімшелер құрылды. «Отбасына көмек көрсетудің бірыңғай орталығы» ашылды. Қызылорда қаласы мен барлық ауданда 8 «Отбасын қолдау орталығы» құрылып, жұмыс жасауда.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың материалдық-техникалық базасы жаңғыртылып, қызметтік автокөліктері 100 пайыз жаңартылды.

Білім беру ұйымдарына 100 пайыз бейнебақылау камералары орнатылып, жасанды интеллект технологияларын енгізу мақсатында 480 млн теңге қаржы бөлінеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын қаржыландыру көлемі жыл сайын ұлғайып келеді.

Балалардың мүмкіндіктерін ерте анықтау, сапалы оңалту арқылы толыққанды өмір сүруге бейімдеу үшін білім саласында 3 оңалту орталығы ашылды. Денсаулық сақтау саласында да 2022 жылдан бері 3 оңалту орталығының жұмысы жолға қойылған. Міне, бұл – қолға алынған жұмыстың көрінісі. Алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасады.

Жалпы, балалар мүддесі мен құқықтарын өз бетінше қорғай алмайтын осал топ саналады. Сол себепті ана мен бала құқығын қорғау еліміздің әлеуметтік саясатының басты бағыттарының біріне айналды.

Болашақта да баланың қауіпсіз, бақытты өмір сүруі үшін қажетті шаралар қабылдана берері сөзсіз.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

1-бет.

«Сыр бойын» ақпараттық агенттігінен де (сайттан) оқыңыз

www.syrboyi.kz

ЖАРНАМА БӨЛІМІ

70-00-52

E-mail: smjarnama@mail.ru

/// СҰХБАТ

Виктор МОЗЕС:

ЖАНКҮЙЕРЛЕР СЕНІМІН АҚТАУҒА ТЫРЫСАМЫН

Ағылшын Премьер-лигасында ойын көрсеткен нигериялық Виктор Мозес биыл Қызылорданың «Қайсар» командасының намысын қорғайды. Газет тілшісі нигериялық футболшының алдағы мақсаты мен Қазақстанға келуі жөнінде ой-пікірін білген еді.

– Алдымен Қазақстанға қош келдіңіз демекпіз. Жанкүйерлер сіздің Англияның «Ливерпуль» және «Челси» клубтарында доп тепкеніңізді жақсы біледі. Қызылордалық «Қайсар» жеңдесін киюге келісім беруіңіздің басты себебі неде?

– Маған ұсыныспен шыққан командалар аз болған жоқ. Өрине, әрбір футболшы өзіне қолайлы нұсқаны қалайды. Мен «Қайсар» өкілдеріне жолыққан сәтте команданың алға қойған мақсаты жөнінде білдім. Қызылорда қаласында былтыр жаңа стадион пайдалануға берілгенін естідім. Оған қоса биыл алдына жоғары мақсат қойып отыр екен. Бұл жобалар мені қызықтырды. Сол мақсатты жүзеге асыру үшін өз үлесімді қосуға шешім қабылдадым. Оған еш өкінген емеспін. Осылайша маған жаңа мүмкіндікке жол ашылды. Командамен бірге үлкен жетістікке қол созымын деген ойдамын. Алдағы уақытта «Қайсардың» Түркиядағы оқу-жаттығу жиынына барамын. Онда футболшылармен танысып, тәжірибемді арттыра түсемін деген ойдамын.

Тағы бір айта кетерлігі, команда биыл академия ашуға ниет танытып отыр екен. Бұл мақсатта жаңадан құрылстар бой көтеріп, футбол алаңдары салынып жатыр екендігі білдірілді. Ендігі кезекте Қызылордада жас таланттарға жол ашылып, өз елінің атағын шығаруға күш салатынына көзім айқын жетеді.

– Өзіңіз жайлы қысқаша айтып бересіз. Футболға қалай келдіңіз?

– Мен 1990 жылы Нигерияның Лагос қаласында дүниеге келдім. Англияның «Кристал Пэлас» командасының түлегімін. Алдымен сол клубта



2007 жылы мансабымды бастап, одан кейін «Уиган Атлетик», «Челси», «Ливерпуль», «Сток сити», «Вест Хэм Юнайтед», «Лутон Таун», Түркияның «Фенербахче», Италияның «Интер», Ресейдің «Спартак» клубтарында доп тептім. 2012-2018 жылдары Нигерия ұлттық құрамасының намысын қорғадым.

– Сіздің қорғаныс және жартылай қорғаныс шебінде ойнай алатыныңызды білеміз. Өзіңіз алаңның қай шебінде болғанды қолайлы деп бағалайсыз?

– Алғаш мансабымды бастағанда негізінен қорғаушы болдым. Өрине, бапкерлер мені өз командасында қай шептен көргісі келетінін алдын ала айтып жүрді. Сондықтан мен үшін қай-қайсысы да оң жамбасыма келеді деп ойлаймын. Жалпы, футболшы үшін әмбебап болған артық емес. Бұл оған қосымша мүмкіндікке жол ашады.

Алдағы уақытта «Қайсар» сапында жоғары жетістікке жетсем деген мақсатым бар. Сондықтан бас бапкер мені қай шептен көргісі келсе, соған бейімделуге тырысамын.

– Алдағы уақытта Қазақстан Премьер-лигасында қанша гол салуды жоспарлап отырсыз?

– Менде ол жөнінде әзірге нақты жоспар жоқ. Оны жанкүйерлер уақытында көре жатар. Басты мақсатым – команданың әрбір ойынында жеңіске үлес қосу. «Қайсардың» биылғы жоспарына көз салып көрсек, жанкүйердің көңілінен шығуға күш саламыз деп айта аламыз. Оған барлық футболшының тәжірибесі, шеберлігі, жауапкершілігі жетеді деген ойдамын.

– Қызылорданың жазы ыстықтығымен ерекшеленеді. Бұл сіз үшін қиындық туғызбай ма?

– Футболшы ешқандай ауа райына қарамайды. Мейлі, ол суық болсын, ыстық болсын. Жасыл алаң төрінде жақсы ойнап, өз команданың жеңісіне үлес қосу – басты міндетіміз. Мен қанша жылдан бері ойнап келемін. Кездесу барысында ауа райының қолайсыздығын талай көрдім. Барлығында көпшілік көңілінен шығуға тырыстық. Сол мақсатымызға жеттік. Ол жайында команда өкілдері де айтты. Сондықтан кез келген ауа

райында ойын көрсетуге дайынмын деп айта аламын.

Сондай-ақ мен дүниеге келген Нигерия да ыстық ауа райымен танымал. Бұл – Африка құрлығындағы көптеген елге тән табиғат құбылысы.

– Жергілікті жанкүйерлердің қарсы алуы қалай болды?

– Қызылордалық жанкүйерлер өз командасына әрдайым қолдау білдіреді деген сенімдемін. Оны таныстыру барысында да байқадым. Стадионда үш мыңнан астам адам жиналған екен. Олардың тарапынан маған қолдау ерекше болды. Алдағы уақытта қызылордалық жанкүйерлердің сенімін ақтауға тырысамын.

– Өзіңізбен бірге әлемге танымал футболшылардың биыл Қазақстан Премьер-лигасында ойын көрсетуге ниет танытып жатқанын естіген шығарсыз. Бұл жөнінде не айтасыз?

– Тәжірибелі ойыншылар әрбір чемпионаттың жоғары деңгейде дамуына оң әсерін тигізеді деген сенімдемін. Мен оны қолдаймын. Бұл жергілікті жастардың шеберлігін жетілдіруге өз әсерін тигізеді. Келешекте әлемге танымал футболшылар көбірек келеді деген ойдамын.

– Қызылорда қаласын көргенде алған алғашқы әсеріңіз қандай? Қала ұнады ма?

– Сырттан кіріп келе жатқанда қалаға көз салып қарап көрдім. Қаншама жаңа ғимараттар бой көтеріп жатқанын байқадым. Бұл әрбір елдің әлеуетін байқатады. Қызылорда шағын қала болса да, дамуы жағынан ұнады. Өте тыныш қала секілді. Менің өзім негізінен тыныштықты жақсы көремін. Сондықтан Қызылорда мені осы жағынан ерекше баурап алды деп санаймын. Алдағы уақытта қаланы аралап көремін. Қызылордамен жақын танысамын.

– Өңігіменізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

/// ТАРИХ

ЕЛІМІЗДЕГІ ЕҢ АЛҒАШҚЫ МЕТЕОСТАНСА

Еліміздегі ең алғашқы метеорология стансасы Қазалы ауданында құрылғанын біреу білсе, біреу білмес. Иә, ол өз тарихын 1848 жылы Қазалы қаласында бастаған еді. «Қазгидромет» РМҚ Қызылорда облысы бойынша филиалы Қазалы метеостансасының бастығы Сәуле Оспанованың айтуынша, атмосфералық өзгерістерді бақылап отыратын алғашқы мекеменің жұмысында әр жылдары үзіліс болып тұрды. Тек 1881 жылдан бері тоқтаусыз қызмет көрсетіп келеді.

Тарихқа көз жүгіртсек, станса бастапқыда Форт I деп аталды. Кейін шамамен 1881 жылы Қазалы деп атала бастады. Ол II санат бағдарламасы бойынша жұмыс істейді. Третьяков жауын-шашын өлшеуіші 1953 жылы, ал ауыр тактасы бар флюгер 1958 жылдың сәуірінде орнатылды.

– Алғашында Түркістан әскери округі әскери-топографиялық бөлімінің қарамағында болды және онда әскери қызметшілер қызмет көрсетті. Алайда метеоланнның орналасқан жері туралы мәлімет сақталмаған. 1881 жылы станса қаланың оңтүстік-шығыс бөлігіндегі 3 сыныптық қалалық училищенің ауласында болды. 1884 жылы қаланың солтүстік-батыс шетінде, Сырдария өзенінен солтүстікке қарай 340 метр жерде орналасты. Сонғы рет 1949 жылдың 21 мамырында қаланың оңтүстік шетіне ауыстырылды, – деді Сәуле Оспанова.

Ең көне метеобақылау стансасын әр жылдары Касаткин, Моисеев, Шабалин, Донсков, Гузиков басқарды. Еліміз тәуелсіздік алған соң тізгін Құттыбай Тарғынов және Қазихан Сердалиевтің қолында болды. Ал 2011 жылдан бері ұжымға Сәуле Оспанова жетекшілік етіп келеді.

– Өзім 1996 жылдан бері осы саладамын. Басшылық қызметке дейін агро-техник метеоролог, аға техник болдым. Метеостансаның қазіргі тыныс-тіршілігін бұрынғымен салыстыруға келмейді. Бұрын рация пайдалансақ, қазір оның орнын интернетке қосылған ұялы телефон мен компьютер ауыстырды. Бұл бізге мәліметті дәл уақытында жіберуге мүмкіндік береді. Ұжымда Алтынай Мұстафақызы, Эльмира Тарғынова, Сергей Паули, Мадиар Манасов, Ринат Тарғынов және Жүрсін Жұбаназаров секілді метеоролог,



гидрологтар еңбек етеді. Метеорологтар жұмыс күні күндіз-түні ауа райының жай-күйін үш сағат сайын бақылап отырады. Орталыққа мәлімет жеткізеді. Стансаның негізгі қызметі – ауа температурасын, желдің бағыты мен жылдамдығын, жауын-шашын мөлшерін, тағы басқа табиғат құбылыстарын қаперде ұстау, – деді Қазалы метеостансасының бастығы.

Ауа райының әрбір сәтін қалт жібермейтін шағын әрі тарихи мекеме талай жетістігімен мақтана алады. Соның ішінде ең бастысы ретінде 2005 жылы үздік қызметі үшін Швейцарияның Женев қаласындағы Дүниежүзілік метеорология ұйымының Құрмет грамотасымен марапатталғанын айтуға тиіспіз.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

Жатқан жері жұмақ болғай, жақсының

Қазақша күрестен спорт шебері, самбо күресінен Қазақстан чемпионы, ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Сырдың саңлақ азаматы Өмірзақ Әбілдаұлының ақырет сапарына аттанғанына да қырық күннің жүзі болыпты.

Өмірзақ Әбілдаұлы 1948 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Мектепте оқып жүріп-ақ қаржы табу мақсатымен қара жұмысқа жетіген бала Өмірзақ жасынан еңбеккеш, шыншыл, әділетті болып ер жеткен.

1969 жылы Қызылорда политехникумын бітірген. Оқуда да, еңбекте де күрес өнерін тастамай, танымал палуан атанды. 1973 жылы самбо күресінен жастар арасында өткен республикалық біріншілікте барлық қарсыластарын таза жеңіп, тізе бүктірді. 1970 жылы самбо күресінен өткізілген республикалық «Қайрат» ерікті спорт қоғамының біріншілігінде топ жарды. 1971 жылы орталық «Динамо» ерікті спорт қоғамының ұйымдастыруымен самбо күресінен өткізілген республикалық додала күміс жүлдегер атанды. Негізгі қазақша күреспен айналыса да, самбо, дзю-до күрестері бойынша облыстық, республикалық, одақтық жарыстардан да жүлделі оралып, туған жер туын төмен түсірген жоқ.

Біз ағайдың дене бітіміне, шымырлығы мен шеберлігіне тасана қарап, Қажымұқан ағамызға ұқсатыпмыз. Батырға тән аңғал, ақкөңіл, кішіпейіл, қарапайым азамат жаттықтырушы ретінде де ол өр намысты талай талантты палуандарды шыңдап шығарды. Сол шәкірттері облыстық, республикалық сайыстарды айтапанада түрлі әлемдік, халықаралық жарыс додаларына қатысып, жүлделі орындарға қол жеткізді.

Өмекен зайыбы Райкүл апа екеуі үш перзент өсіріп, тәрбиеледі. Бүгінде балалары әке жолын, немере мен жиеңдері ата жолын ұстап, олардың арасынан да чемпиондар шығуда.

Сүйікті жар, ардақты әке, аяулы дос, асыл ағамыздың алды пейіш, арты кенші болғай!

Өмірзақ ағаның Сыр спортының дамуына қосқан үлесі үлкен. Алдағы кезеңде облыстық спорт саласы өңегелі өмір иесінің атынан турнир, жарыстар ұйымдастырып, жүлделер тағайындап, есімін есте қалдыруға байланысты жұмыстарды қолға алады деп білеміз.

Жатқан жері жұмақ болғай, жақсының!

Еске алушылар: спорт ардагерлері, шәкірттері

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 21089

Тапсырыс №193

Кезекші редактор Ержан ҚОЖАС